

"Камералдық бақылау нәтижелері бойынша мемлекеттік кірістер органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орындалмаған деп тану туралы шешімнің нысанын және оны шығару мерзімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 30 сәуірдегі № 411 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 1 наурыздағы № 117 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 1 наурызда № 34104 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 30 сәуірдегі № 411 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18633 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 және 2-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орындалмаған деп тану туралы шешімнің нысаны бекітілсін.

2. Камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орындалмаған деп тану туралы шешімді Салық кодексінің 96-бабы 2-тармағының 1) және 3) тармақшаларында көзделген әрекеттерді жасаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде мемлекеттік кірістер органдары шығарады деп белгіленсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орындалмаған деп тану туралы шешімнің нысаны осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2024 жылғы 12 ақпаннан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

М. Такиев

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2024 жылғы 1 наурыздағы
№ 117 Бұйрыққа
қосымша
Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
Бірінші орынбасары
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2019 жылғы 30 сәуірдегі
№ 411 бұйрығымен
бекітілген
нысан

**Камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орындалмаған деп тану туралы 20 ___ жылғы "___" _____
№ __ шешім**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы"
Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 96-бабының
4-тармағына сәйкес _____

(мемлекеттік кірістер органның атауы)

Әрекетті қарау нәтижелері бойынша (тиісті ұяшықтың бірін Х белгісімен белгілейді

)

Салық кодексінің 96-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес

Салық кодексінің 96-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес

Сізге _____

(салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) немесе салық төлеушінің

(салық агентінің) толық атауы, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру

нөмірі (ЖСН/БСН)) 20___ жылғы "___" _____ №_____ камералдық бақылау

нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы

хабарламаны орындалмаған деп тану туралы шешім шығарылғаны туралы
хабарлайды: _____

(камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орындалмаған деп тану туралы шешім қабылдауға негіз болған себептер мен негіздемелер егжей-тегжейлі көрсетіледі)

Салық кодексінің 96-бабының 4-1-тармағына сәйкес осы шешіммен келіспеген жағдайда, салық төлеуші (салық агенті) Салық кодексінің 96-бабында белгіленген мерзімде, жоғары тұрған органға және (немесе) уәкілетті органға немесе сотқа жүгінуге құқылы.

Бұл ретте шағымның көшірмесін салық төлеуші (салық агенті), шешім қабылданған салық органына жіберілуге тиіс.

Салық кодексінің 96-бабында айқындалған тәртіппен камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы салық органдарының хабарламасы орындалмаған кезде Салық кодексінің 145-бабы 3-тармағының 4) тармақшасына сәйкес тақырыптық салықтық тексеру жүргізу көзделгені туралы қосымша хабардар етеміз. ("Тақырыптық және қарсы тексерулер тағайындау мен хронометраждық зерттеп-қарауды жүргізу туралы шешім шығару қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 197 бұйрығы. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 16479 болып тіркелген.

Мемлекеттік кірістер органының басшысы немесе басшы уәкілеттік берген адам

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)) (қолы) (мөр орны)

Шешімді алдым _____

(салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) немесе

салық төлеушінің (салық агентінің) атауы, қолы, күні)

Шешім салық төлеушіге (салық агентіне) табыс етілді	

(мемлекеттік кірістер органның лауазымды адамының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), қолы, күні)	Салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) немесе атауы: _____
Шешім салық төлеушіге (салық агентіне) жіберілді	Мекенжайы: _____ _____

(жіберу және (немесе) алу фактісін растайтын құжат)	